

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



ВЕСТНИК ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 3 (2025)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/SSBG3232>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/XMGN4487>**М. Т. Джакыпбекова¹, *Ш. А. Кыяхметова²**^{1,2}І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті,

Қазақстан Республикасы, Талдықорған қ.

¹ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-6375-5257>²ORCID: <http://orcid.org/0000-0001-9886-471X>*e-mail: aset_shara@mail.ru

І. ЖАНСҮГІРОВ ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ ТҰРМЫСТЫҚ ЭТНОГРАФИЗМДЕРДІҢ ЭТНОМӘДЕНИ СИПАТЫ

Мақалада Ілияс Жансүгіровтің өлеңдеріндегі этнографизмдердің қолданылу ерекшелігі қарастырылып, олардың көркем мәтіндегі қызметіне және этномәдени мазмұнына талдау жасалды. Ақынның көркем мәтіндерін талдау қазақ халқының күнделікті тұрмыс-тіршілігін, материалдық мәдениетін, этникалық дәстүрін бейнелейтін лексикалық бірліктерді анықтауға мүмкіндік берді. Ақынның өлеңдерінен дәстүрлі қазақ тұрмысын сипаттайтын, этномәдени мәні бар лексикалық бірліктер анықталып, жинақталған материалдар мал шаруашылығына қатысты атаулар, ат әбзелдері, тағам және еңбек құралдарының атаулары деген тақырыптық топтарға жіктелді, бұлай жіктеу олардың лингвомәдени мәнін жан-жақты қарастыруға мүмкіндік берді. Бұл бірліктердің семантикалық мағынасы лексикографиялық және этнолингвистикалық дереккөздер негізінде нақтыланды. Этнографизмдердің көркем мәтіндегі қолданысы көркемдік-стильдік талдау арқылы қарастырылып, олардың ұлттық дүниетанымды танытудағы, көркем бейне мен ұлттық нақышты айқындаудағы қызметі айқындалды. Зерттеу нәтижесінде І. Жансүгіров өлеңдеріндегі этномәдени лексика тек номинативтік қызмет атқарып қана қоймай, сонымен қатар этномәдени ақпарат тасымалдаушы және экспрессивтік құрал ретінде көркем мәтіннің мазмұндық-стильдік құрылымына ықпал ететіні дәлелденді. Зерттеу нәтижелері ұлттық поэзиядағы тіл мен мәдениет тұтастығын ашуға бағытталған маңызды қадам болып табылады, әрі этнолингвистикалық құндылықтарды тануға жол ашады.

Кілтті сөздер: этнографизм, этномәдени лексика, ұлттық дүниетаным, қазақ тұрмысы, материалдық мәдениет, этнолингвистика.

Кіріспе

Тіл мен мәдениеттің өзара сабақтастығы мен байланысы көркем мәтін құрылымында сақталған этномәдени бірліктер арқылы айқын көрініс табады. «Тіл – тек мәдениетті танытушы құрал ғана емес, тілдің бойында оның (мәдениеттің) арқауын құрап, негізін қалайтын, ұлттық рухтың ізін айқындап тұратын ұлы күш сақталады; ұлттық мәдениеттің тірегі – тілде. Қазақ халқының этностық, ұлттық мәдениеті, негізінен тілде көрініс тапқан» [1, 8-б.].

Этномәдени лексика қай ғылыми бағытта зерттелсе де, ұлттық дүниетаным мен мәдени кодты танытатын мазмұндық-құрылымдық бірлік ретінде маңызды рөл атқарады. Мәселен, тұрмыстық лексиканы осы тұрғыдан ғалым Ж. Манкеева былай етіп сипаттайды: «Қазақ тіліндегі заттық мәдениетке қатысты атаулар немесе тұрмыстық лексика қазақ халқының материалдық өндірісінің деңгейін, сипатын, түрлерін және шаруашылық пен тұрғын үй мүліктері, киім мен тұрмыс бұйымдарын әшекейлеуге қажет мұқтаждықты қамтамасыз етуге бағытталған қазақтың халықтық қолөнер бұйымдарын бейнелейді. Ал олар – қазақ халқының материалдық қана емес, рухани да байлығының көрсеткіші» [2, 148-б.].

Этномәдени лексика – өткен тұрмысымызда болған көбі әлі де қолданылып келе жатқан тұрмыстық бұйымдардың белгілі сенімге, баспанаға, киім-кешекке, тағам атауына, туыстық қатынасқа, ел билеу ерекшелігіне, заң тәртібіне, әдеттік құқыққа байланысты қолданылатын, халқымыздың тұрмыстық және тілдік ерекшеліктерін көрсететін арнаулы атаулар мен сөз тіркестері.

І. Жансүгіров өлеңдеріндегі этномәдени лексиканы зерттеу – ақын шығармаларында көрініс тапқан ұлттық дүниетанымды, тарихи-мәдени құндылықтарды тілдік бірліктер арқылы тануға мүмкіндік береді. Бұл лексикалық қабатты талдау қазақ халқының рухани болмысын бейнелейтін мәдени кодтарды ашуға, сондай-ақ І. Жансүгіров тілінің көркемдік және этнолингвистикалық ерекшеліктерін жүйелеуге негіз болады.

Материалдар мен әдістері

І. Жансүгіровтің өлеңдеріндегі тұрмыстық зат атауларына қатысты лексемалар жүйелі түрде іріктеліп, оларды тақырыптық топтарға бөлу арқылы сипаттамалы әдіс жүзеге асырылды. Бұл тілдік бірліктердің семантикалық мазмұны салалық сөздіктерге сүйене отырып анықталды. Лингвомәдени және компоненттік талдау тәсілдері арқылы зерттелген лексемалардың

ұлттық-мәдени коды мен ішкі құрылымдық ерекшеліктері анықталды. Салыстырмалы әдіс негізінде лексемалардың дәстүрлі қолданысы мен авторлық интерпретациясындағы ерекшеліктер салыстырылып, олардың мәдени-танымдық мәні ашылды. Осы әдістердің кешенді қолданылуы этнографиялық лексиканың поэтикалық мәтіндегі қызметін тереңнен тануға мүмкіндік берді.

Нәтижелер мен талқылау

Тілдің шежірелік қыры мен танымдық қызметі туралы академик Ә. Қайдар былай дейді: «Кез келген этностың (бүгінгі ұлыстың, халықтың не ұлттың) тілінде оның басынан өткен бүкіл ұзақ өмірінің өрнегі жатыр. Халықтың, яғни этностың шын мәніндегі болмысы мен дүниетанымы оның тек тілінде ғана сақталады. Әр түрлі заттың, құбылыстың аты-жөні, сыр-сипаты, қоғамдық қатынастар, әдет-ғұрып, салт-сана мен дәстүрлер жайлы мағлұматтардың бәрі де кейінгі буынға тек тіл фактілері арқылы ғана, яғни тілдегі сөздер мен сөз тіркестері, фразеологизмдер мен мақал-мәтелдер, аңыз-ертегілер арқылы келіп жетуі мүмкін» [3, 21-6.]. «Адамзаттың тіршілік еткен кезеңінен бері қай ұлттың болмасын өзінің күнделікті тұрмыстағы тіршілігін, әдет-ғұрпын, салт-санасын, тіршілігіне тірек еткен кәсібін ұлттық танымына сай суреттейтін тек сол ұлтқа ғана тән материалдық дүниесінің болатыны заңды құбылыс» [4, 119-6.].

Тұрақты сөз орамдарының мәдени-ұлттық мазмұнын халық тілінің байырғы лексикасының сан алуан сырына байланысты ғалым Н. Уәлиұлы: «Халық өзінің өткен дәуірлердегі наным-сенімін, түйсік-түсінігін, ой-қиялын, тыныс-тіршілігін аз сөздің аясына сыйдырып әрі нәрлі, әрі әрлі етіп ерекше өрнектей білген. Түп төркіні беймәлім сөздердің сәті түсіп, кілті табылғандай болса, көп нәрсені баян етіп, халықтың өткендегі ой-қиялы, тыныс-тіршілігі, дүниетанымы туралы сыр шертіп тұрады» [5, 12-6.], – дейді. Осы турасында этнограф-ғалым А. Сейдімбек: «Адам баласы болашақ туралы болжауды әуезе көрсе, өткеніне ынтыға назар салады. Себебі, өткен өмір тәжірибесі – адамзат тіршілігінің негізі. Арттағының бәрі де – өмір сабағы. Адамзат әулеті бүгінгі жеткен дәреже деңгейі үшін өткен өмір тәжірибесіне қарыздар», – дейді [6, 12-6.].

Халқымыз тіршілігін ерте заманнан-ақ жылдың төрт маусымында сол маусымдық ерекшеліктеріне қарай қыс – қыстауда, көктемде – көктеуде, жазда – жайлауда, күзде – күзеуде көшпелі кәсіппен өткізген. Ақынның «Жайлау» өлеңінде «Жайлаудың жаз мезгілін елестетіп, Мақтаншақ мінезім бар жұртқа айқайлау» [7, 97-6.] деп ақынның өзі айтқанындай, ақын жадыраған жайма шуақ жаз мезгіліндегі «көк кілем қатипадай жасыл жайлаудың» сипатын, қазақы тұрмысты, жайлаудағы қарапайым елдің тыныс-тіршілігін өлеңіне арқау еткен. Жайлау тірлігі ақын суреттеуінде

«Қаз-қатар ауыл арты **желі байлау» деп басталады.** «Желі – екі қазыққа керілген арқан. Желі түйе, жылқы, сиыр төлдерін қатарластырып байлауға арналады. Желі екі қазықты екі жаққа қиғаштап жерге қағып, арқанды керу арқылы жасалады. Желінің ұзындығы байланатын төлдің санына байланысты болады» [7, 298-б.]. Осы этнографиялық энциклопедияда желіге байланысты түрлі ырымдар келтірілген «Қазақ түсінігінде желі қазыққа керілген арқан ғана емес, ол дәстүрлі ырым-тыйымдар жүйесінде өзіндік мәнге ие этномәдени сегмент ретінде қарастырылады. Қазақтар желі арқанды қастерлеп, оны аттап өтуге, басуға тыйым салған, оны ешкімге бермеген. Ырыс-береке қашады деп сенген. Халық тілінде бұл арқан түрі «желібау» деп те қолданыла береді. Дәстүрлі ортада алғаш бие байлағанда желінің қазығына май жағылады. Күйеу алғаш ұрын барғанда немесе құдалар келгенде алдарынан желі тарту жоралғысы жасалған. Келген жақ желіден аттап кете алмай, кәде беру арқылы құтылған. Тағы бір айта кететін жайт, әдет-ғұрып заңында жоқ, бірақ ел ішінде тараған жазаның бір түрі – осы желіге байлап таңу» [7, 299-б.]. «Желі» атауы ақын өлеңдерінде төрт рет ұшырасады, «желі арқан» («Қазақ үйдің тұрмысы»), «желі тартып» («Ескі күн»), «желі байладым» («Қорқамын»), «екі желі» («Домбыра») деген тіркестермен беріледі. Желі арқан, желі тартып, желі байладым дегенде «желі» атауы өзінің тура мағынасында, төл байлау үшін тартылатын арқанның қызметі мағынасында қолданылса, «Домбыра» өлеңінде «Екі желі, үш қазық» деп ауыспалы мағынасында береді. Мұндағы «екі желі» деп метафоралық тіркеспен беріп отырғаны – домбыраның қос ішегі, ал қазық дегеннің өзі қандай да болмасын бір нәрсені байлау үшін қолданылатын ағаш немесе темір құрал екенін ескерсек, «үш қазық» ол домбыраның екі құлағы және ішектер бекітілетін түйме (түйін), себебі домбыра ішектері осы құлақ пен түймеге тартылып байланады.

Ақынның «Жайлау» өлеңінде **«Қысырақ үйірленген бөрте бурыл,** Саяқсып шет жайылып емес жуыр» деп суреттеледі». Қысырақ үйірге қосылмаған, құлындамаған бие, сондықтан да ақын оны «саяқсып» (жеке, жалғыз) жуымай, шет жайылып жүр деп суреттейді. Бөрте бурыл – жылқының түсі. «Ахмет Тоқтабайдың «Қазақ жылқысының тарихы» кітабындағы ақпаратқа сүйенсек, көшпенді қазақтар жылқының түсін 300-ге жуық атаумен атаған» [8]. Ә. Қайдардың «Сырға толы түр мен түс» еңбегінде: «Қазақ тілінде жылқының түр-түсіне байланысты арнайы атаулар мен оған қатысты сөздер, сөз тіркестері көп-ақ. Сонымен қатар жылқының түр-түсін, небір көркем бейнесін суреттеу қажет болған жағдайда жаңа атаулар жасап алуға тіліміз өте бейімді», – делінген [9, 71-б.] Жылқы түсіне байланысты зерттеу еңбектерде «бөрте, бурыл» деп жылқы түстері жеке қарастырылған, ал ақынның өлеңінде «бөрте бурыл» деген тіркеспен берліген. Негізінде «бурыл – ақ пен көк және аздап қара араласқан жылқы түсі» болса,

«бөрте – көкшіл түс». Ілияс ақынның «бөрте бурыл» дегені – «қара көк» жылқының түсі.

Әсет ақынды алғаш көргенде ақын өз сезімін «Тұңғыш тоғысу» өлеңінде сипаттап жазады. Сол өлеңде «Қақшиып **кежімді кер** кермеде тұр Қатырған, үкілеген, дүлдүл дөнен» деп ақынның астындағы мініп келген атын сипаттаудан бастайды. «Кежім» деген әдемі оюлап жасалған ат жабу болса, «кер» құла мен торы аралығындағы жылқы түсі, ал «керме» – жүріп келген аттарды суыту үшін киіз үй арасына керіп байланатын арқан.

Ертедегі қазақ шеберлерінің өнеріндегі маңызды салалардың бірі – ат әбзелдерін көркемдеп безендіру дәстүрі. Бұл үрдістің тамыры тереңде жатыр және ол көшпелі қоғамның дүниетанымы мен өмір салтындағы жылқының айрықша маңызымен тығыз байланысты. Жылқы – қазақ халқының тұрмыс-тіршілігінде ғасырлар бойы негізгі көлік құралы ретінде пайдаланылған, кең байтақ даланы еркін шарлап, қашықтықтарды еңсеруге мүмкіндік берген сенімді серігі болды. Қазақтың дәстүрлі мәдениетінде бала жастан ерге отырған, шабандоздыққа баулынған жас ұрпақ жылқымен етене байланыста өсіп-жетілді. Жылқыға деген құрмет оның күтіміне, сонымен қатар ат әбзелдерін әсемдеп, эстетикалық талғаммен көркемдеуге деген ұмтылысты қалыптастырды. Осылайша, ат әбзелдерін әшекейлеу шебердің өнері мен қоғамның эстетикалық құндылықтарын тоғыстырған ерекше мәдени феноменге айналды. Бай адамның ат әбзелдері де оның әлеуметтік мәртебесі мен материалдық жағдайының көрінісі ретінде қабылданған. «Жазға салым» өлеңінде:

Жарысып тайлы ұландар ашамайлы,

Тайы ұшып, тепкішегі жалп-жалп етер [10,80-б.], –

деген тұста «ашамай, тепкішек» – деген бір-бірімен байланысты ұғымдар, себебі «ашамай» алғаш атқа отырған балаға арналып жасалған ер болса, «тепкішек» – сол жаңа атқа мініп үйреніп жүрген баланың аяғы үзеңгіге жетпеген жағдайда сол үзеңгінің орнына аяғын салатын дорба, қаптың түрі. Ол дорба баланың аяғына ыңғайланып жасалады. «Ашамай» сөзі ақынның үш өлеңінде кездеседі және барлық жерде «тай» сөзімен тіркесіп келеді. Мысалы: «Ерттетіп бала тайын, ашамайын» («Ескі күн»), «Ашамайлап тай байлап, Тай терлетсем «бай-байлап» («Оқимын»). «Жас бала есі кіріп 4–5 жасқа келгенде оған бәсіре тай тарту етіледі. Егер балаға арналған бәсіре аты үйретіліп, мінуге жарап тұрса, онда баланы соған мінгізеді. Салтанатты түрде үйретілген бәсіре тайға ашамай ерттелінеді» [11, 292-б.]. «Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі» энциклопедиясында жоғарыдағы жолдар мысалға келтіріліп, «І.Жансүгіровтің өлең жолдары ашамай ерттеген тайға

мініп жарысып жүрген балалардың этнографиялық образын мейлінше қанық суреттеген» деген баға беріледі [11].

«Ұмытсын, көңілім ұмытсын!» өлеңінде «Мінген жастай ершіктеп, Күнді көңілім ұмытсын!» дегенде «ершік» – арбаға немесе шанаға жегілетін аттың арқасына салынатын ер тәрізді жегу әбзелі, ал «ершіктеп» деген сол ершік салу. Бірақ өлең мазмұнында бұл сөз тура мағынасында қолданылып тұрған жоқ, мұнда ақын өткен өмірін санасынан өшіре алмай, қайта-қайта сол күндердің қылаң беріп, санасында жаңғыра беретінін, жадынан өшпейтінін, «миымды ершіктеп алды» деп қапаланып, жан жүйесіндегі күйзелісін суреттеп, «ұмытсыншы сол күнді» деп жанын жұбата өлеңін аяқтайды.

Кез келген халықтың материалдық мәдениетінің маңызды элементтерінің бірі – оның өмір сүру салты. «Тіл – мәдени болмыстың негізі болып табылады, ол қауымдастықтың әлеуметтік және тарихи контекстерімен тығыз байланысты» [12]. Кең мағынада күнделікті өмірдің мәні деп тамаққа, киім-кешекке, баспанаға, т.б түрлі қажеттіліктерді қамтитын күнделікті тұрмыс-тіршілікті түсінеміз. Тұрмыстық заттарға халықтың негізгі кәсібіне байланысты еңбек құралдары, үй ішіндегі тұтыну бұйымдары, ыдыс-аяқ түрлері мен тағам атаулары жатады.

«Орақ науқаны» өлеңінде «Ине іліп, күміс тізген жиде шамкес, Үскі алып аулақ жүрлеп боп тұр әуре» деген жолдардағы «үскі» – үлкен біздің атауы, бірақ бұл өлеңде үскі тура мағынасында емес, ауыспалы мағынада суреттелген. Егіншілік науқанындағы қым-қиғаш тіршілікті, пісіп тұрған өнімдерді ақын қазақы тұрмыстағы заттармен астастыра суреттеген. Өлеңде егін пісіп, сары тары басын иіп (басы дәнге толған соң), сұлу сұлы судырлап, шамкес жиде (қыңыр мінезді) үскіні алып ешкімді жолатар емес дейді. Піскен бидай өткір мұртын тікірейтсе, күнбағыс бойжеткендей **кәмшетін шекесіне шекірейтіп** алыпты дейді. «Қозыдай қауын, қарбыз **көгендегі**» дегенде тағы да ұлттық танымымызға жақын малдың төлін байлайтын көген (арқан) атауын пайдаланып, жерде қаз-қатар пісіп теңкиіп жатқан қауын-қарбызды ұзын арқанға байланған қозыға теңеп суреттейді.

Ақынның «Ойлану» өлеңінде адамның терең тебіреніс үстіндегі ішкі күйзелісі мен жан дүниесінің толқуы ұлттық ұғымдармен астасқан поэтикалық бейнелер арқылы суреттеледі. Шығармада сан түрлі ой толқыны мен сезім сергелдеңі көркем тілмен өрнектелген:

Ойлану – кейде **наркескен**,

Жүректі сара тіледі.

Ойланбасаң жаның жай,

Қысыла **қында** жүреді.

Ойлану – кейде **айбалта**,

Айыра айдай шабады.

Ойланбаса тотығад,
Топырақта қалады.
Ойлану – **өткір ұстара**,
Кейде **кеуіл кертеді**.
Кертілсе тамад тамшы бал,
Тамса шекті шертеді [10, 148-б.].

Өлең мәтініне зер салсақ, құрал атаулары өздерінің тікелей қолданылатын орнында емес, астарлы мағынада метафоралық тәсілмен, «ой – наркескен», «ой – айбалта», «ой – өткір ұстара» деп қолданылған. Мысалы, кейдегі бір ойың – наркескен (алмас қылыш), бұл қылыштай осып өтетін өткір ой, жаныңды жеп, маза бермейтін, небір күйге салатын «жүректі тілетін» ой, ал ойланбасаң «қысыла қында» (қылыштың қыны) жатады. Келесі ой – айбалта (ай пішініндегі соғыс қаруы), балта болғандықтан ол қылыштай кеспейді, ол шабады, аяқ астынан ойға орала қалатын, сол сәтте беймаза күй кештіретін ойдың түрі, ойланбасаң «тотығады», соғыс қаруы қолданылмаса, тот басатын сипатын ақын дөп басып, дәл суреттеген. Тағы бір ой – өткір ұстара (сақал – мұрт, шаш алатын өткір пышақ), ол «кеуіл кертеді» яғни көңілінді тіліп түседі, адамның көңіл-күйін ойда-жоқта түсіретін ойды ақын осылай сипаттайды. Назар салсақ, күнделікті тұрмыста адам өзі тұтынатын заттардың атауын пайдалана отырып, олардың негізгі қасиеттерін «ойдың» әр кездегі сипатымен ұштастырып берген.

Мал шаруашылығымен айналысқан қазақ халқының дәстүрлі тамақтану жүйесі өзіндік ерекшеліктерімен сипатталады. Ол өмір салты, тағамның шикізаттық негізі мен калориялық құрамы арасындағы үйлесімді тепе-теңдікті қамтамасыз ете отырып, табиғи жағдайлар мен шаруашылық түріне бейімделген. Бұл дәстүрлі тағамның өзіндік этникалық маркер бола алатындығын және халқымыздың этнографиясы мен этникалық тарихын зерттеуде дереккөздердің бірі ретінде қызмет ететінін көрсетеді. Ақынның «Егінші» өлеңінде егін еккен қарапайым еңбек адамының бейнесін көз алдымызға алып келеді:

Адырайып тамырың,
Балшықты балтыр, балағың,
Күн жеген қара жауырын,
Қарында айран, шалабың [10, 80-б.].

Өлеңде **айран**, **шалап** ұлттық тағам атаулары кездеседі. Ақынның өлеңдерінде айран атауы он рет кездеседі («Қазақ үйдің тұрмысы», «Ғазизаның аузынан», «Егінші», «Көктемде», «Тұңғыш тоғысу», «Беташар», «Көші-қон», «Қорқамын», «Жеңілген жалқау», «Түйскеш»). Өлеңдерде «айран» тек сусын атауы ретінде аталады, тек екі өлеңінде, «Ғазизаның аузынан» және «Қорқамын» өлеңінде «айрандық кой» деген тіркес

кездеседі, бұл тіркестің мағынасы аузын аққа жеткізетін азын-аулақ малы бар қарапайым шаруа адамының сипатын беру үшін қолданылған. Шалап – айранның су қосылып сұйытылған түрі, бұл атау ақынның екі-ақ өлеңінде («Егінші», «Отарба») ұшырасады.

Ақынның «Жайлау» өлеңінде қазақтың ұлттық сүт тағамдарының, **қатық, іркіт, сары қымыз, қайнатылған құрт** атаулары кездеседі. Қатық ұйытылған айраннан әзірленеді, оны кенеп дорбаға салып, сары суынан ажыратып та алады. «Қатық» атауы ақынның төрт өлеңінде кездеседі. Осы өлеңде «Мастанған **қатық** ішіп қойшы құрғыр» деп қой бағып жүрген қойшының аққа аузы жетіп, масайраған қалпы суреттелген. «Саптыаяқ» этнографиялық өлеңінде «Бауырдай қатық балбырап» деп ыдысқа құйылған сары суы алынбаған қою айран іспеттес қатықтың бауыр сияқты балбырап тұратын сипатын көсемше тұлғадағы эпитетпен суреттеп береді. «Тау суреті» өлеңінде тау суретін «Қатықтың жаланбаған тегешіндей» деп сипаттайды, мұнда таудың қар басқан сипатын жаланбай қалған тегештегі қатыққа теңейді.

Өз өмірін суреттеп жазған ақынның «Ұмытсын, көңілім ұмытсын!» өлеңінде «Қатықсыз қара көжемен, Жабуда жаурап жатқаным» деп «қатықсыз қара көже» тіркесі құнары аз, нәрсіз тағам мағынасында қолданылған. Жайлаудағы қазақ әйелінің барлық тірлігі сүт өнімдерінен жасалатын түрлі ұлттық тағам түрлерін дайындаумен байланысты. «Іркіт – құрт қайнату үшін үлкен ыдысқа құйып жинаған сүтті пісіп, майын алғаннан кейінгі қалған ақ сусын [13, 136-б.]. «Қатындар күрпілдетіп піскен **іркіт**» дегенде күбіге құйылған сүтті пісіп жатқан әйелдің әрекеті суреттелген. Бұл атау тек осы өлеңде ғана ұшырасады.

Тілімізде **қымыздың** 25-ке жуық түрі сөздік қор [14]) сайтында келтірілген. «Қазақтың ұлттық тағамдары» (құр. Х. Тілемісов) деген еңбекте қымыздың қырық шақты түрі бар екендігі айтылады [15, 23-б.]. Ілияс ақынның қолданысында әсіресе «сары қымыз» атауы осы «Жайлау» өлеңінде екі рет, «Сапырып бәйбіше отыр **сары қымыз**» және «Сәскеде сары қымыз түсер бәске» деген жолдарда, «Кедей тойы» өлеңінде «Сапырып отыр сары қымыз» деп кездеседі. Сары қымызға сөздікте «Шөп пісіп, биенің сүті қоюланған кездегі бетінде майы қалқыған, ашуы бабына жеткен қуатты қымыз» деп анықтама берілген. Қымыздың бұл түрімен қатар «Жер түгі» өлеңінде «**Қымызын сарыкүйіктің** ішеміз деп, Албандар қоныстайды құстай биік» дегенде «сарыкүйіктің қымызы» деп қолданылады. Бұл өлең – «Жетісу суреттері» топтамасындағы «Жер түгі» деп берілетін бөліктегі Жетісу жерінде өсетін ағаш пен өсімдіктің 81 түрі қамтылатын өлеңі. Сарыкүйік – тауда өсетін мал азық ететін өсімдік түрі болса, «сарыкүйіктің қымызы» – сарыкүйікке жайылған биенің құнарлы қымызы. Жалпы

«қымыз» атауы ақын өлеңдерінде 16 рет ұшырасады және бұл атау таза ұлттық тағам атауы ретінде тура мағынасында қолданыс тапқан, қымыздың дайындалуындағы негізгі әрекет оның сапырылуы болса, көп өлеңде қымыз «сапырып» деген етістікпен тіркесіп келеді. Сондай-ақ «қымыз» атауымен байланысты қымызшы (қымыз ашытатын кісі) және қымызшыл (қымызға үйір адам) деген атаулар да кездеседі.

Сүт өнімдерінен жасалатын ұлттық тағамның бірі – құрт. «Құрт» атауы ақын өлеңдерінде төрт жерде кездеседі, «Жайлау» өлеңінде «Үй басы **құрт қайнатқан**, өре жайып» деп, «Жазғы шілде» өлеңінде «**Құрт**, ірімшік қайналды» деп екі өлеңде де құрт атауы қайнату етістігімен тіркесіп келеді, мұнда сабада іркіттің майын алғаннан кейін оны қайнатып, суынан ажыратып, құрттың қайнатылып жасайтыны айтылған. Өлең жолында «өре жайып» деген тіркес кездеседі. Өре – құрт, ірімшікті жаю үшін ағаштан жасалған сөре, оның үстіне ши төсеген, себебі шидің арасы ашық ауа жақсы өтетін болғандықтан, құрт жел қағып, жақсы кепкен. «Қазақтың қолданбалы өнеріне дала қамысынан жасалған төсеніштер тоқу сияқты күрделі қолөнер түрі де тән. Мұны істеу үшін алдымен әр қамыс берілген үлгіге сәйкес иірілген жүннің түрлі-түсті талшықтарымен жеке оралады. Содан кейін оларды бірге тоқу керемет кілем үлгісін алады» [16, 122-б.]. Өрені жердің шаң-тозаңы түспес үшін, ит, мал таптап кетпес үшін барынша жерден биік етіп жасаған, тіліміздегі пайым-парасаты жоғары адамды «өресі биік» деген тұрақты тіркеспен береді. «Тау суреті» өлеңінде Қарқара тауын «Үшкүлше құрттың жайған өресіндей» деп суреттейді.

«Май тойында» өлеңінде «**Томыртқа** қылып торсыққа, Шөлдермін, сусын су байла» деген өлең жолындағы «томыртқа» туралы С.Мұқановтың «Қазақ қауымы» еңбегінде былай делінген: «Қысты күні жылқы сорпасын тезірек суытқысы келген қазақ оның ішіне мұз салып ішеді. Мұны «томыртқа» деп атайды» [17, 125-б.].

Ақынның өмірбаяндық деректеріне сүйенсек, 1917–1920 жылдар аралығында (Азамат соғысы кезеңінде) тарихи жағдайларға байланысты оның білімін жалғастыру мүмкіндігі шектеліп, ол туған ауылында диханшылықпен және мал шаруашылығымен айналысқан. Бұл жайт оның шығармаларында ауыл тіршілігінің шынайы әрі нақты суреттелуіне ықпал етті. І. Жансүгіров поэзиясының мазмұндық өзегі туған өлкесінің ұлттық-мәдени болмысымен тығыз сабақтас. Осы тұрғыда оның өлеңдерінде этномәдени реңк айқын сезіліп, шығармалары терең танымдық мәнімен ерекшеленеді. Ақын туындылары ретроспективті сипатқа ие болып, қарапайым ауыл адамының болмысын көркем әрі нанымды бейнелеуге бағытталған.

Қаржыландыру туралы ақпарат

Мақала 2023–2025 жылдарға арналған АР19680053 «Гуманитарлық ғылымдар даму процесіндегі Илияс Жансүгіров мұрасы: ХХІ ғасыр контекстінде» тақырыбындағы ҚРҒЖБ гранттық қаржыландыруымен жүзеге асырылып жатқан жоба аясында жазылды.

Қорытынды

Жүргізілген зерттеулер Илияс Жансүгіровтің өлеңдеріндегі дәстүрлі қазақ тұрмысының элементтерін көрсететін этнографиялық лексиканың қызметін жан-жақты қарастыруға мүмкіндік берді. Анықталған лексемалар негізгі тақырыптық салалары бойынша жүйеленді, бұл материалды құрылымдауға және оны лексика-семантикалық және көркемдік-контекстік аспектіде талдауға негіз болды. Контекстік-стилистикалық талдау І. Жансүгіров өлеңдеріндегі этнографизмдердің номинативті ғана емес, поэтикалық-экспрессивтік қызмет атқарып, ұлттық колорит жасауға және әлемнің этномәдени бейнесін терең ашуға ықпал ететінін көрсетті. Зерттеліп отырған этномәдени лексика І. Жансүгіровтің ақындық мұрасының жоғары мәдени-тілдік маңызын дәлелдей отырып, қазақ этносының мәдени кодтары мен құндылықтарын көркем бейнелеудің маңызды құралы қызметін атқарады.

Пайдаланылған деректер тізімі

1 **Сейілхан, А. Қ.** Қазақ тіліндегі этнографизмдердің лингвомәдениеттанымдық мәні («Қыз Жібек» және «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырлары бойынша) : ф.ғ.к. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты [Мәтін]. – Алматы, 2001. – 26-б.

2 **Манкеева, Ж. А.** Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері [Мәтін]. – Алматы : Жібек жолы, 2008. – 356-б.

3 **Қайдаров, Ә.** Этнолингвистика // Қазақ тілі. Энциклопедия [Мәтін]. – Алматы : ІДК-ТІРО редакциялық баспа орталығы, 1998. – 476-б.

4 **Jakupbekova, M. et al.** Cognitive Characteristics of Ethnographisms Related to Material Culture (Based on Ethnographic Poems of Ilyas Zhansugurov) [Text] // Eurasian Journal of Applied Linguistics. – No. 11(2)№ – 2025№ – 109–121 p. [Electronic resource]. – <https://www.scopus.com/pages/publications/105009228636>

5 **Уәлиұлы, Н.** Фразеология және тілдік норма [Мәтін]. – Алматы : Республикалық баспа кабинеті, 1998. – 128-б.

6 **Сейдімбек, А.** Қазақтың ауызша тарихы : Зерттеу [Мәтін]. – Астана : Фолиант, 2008. – 728-б.

7 Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. 2-том. Е-И [Мәтін]. – Алматы : РПК «Слон», 2012. – 736-б.

8 **Токтабай, А.** Қазақ жылқысының тарихы [Мәтін]. – Алматы : Алматы кітап, 2010. – 496-б.

9 **Қайдаров, Ә. Т. ж. б.** Сырға толы түр мен түс [Мәтін]. – Алматы : Қазақстан, 1986. – 95-б.

10 **Жансүгіров, І.** Көп томдық шығармалара жинағы. Өлеңдер. Т. 1. / Құрастырған Кыяхметова Ш. [Мәтін]. – Алматы : «Баянжүрек» баспасы, 2019. – 528-б.

11 Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. 1-том. А-Д. [Мәтін]. – Алматы : DPS, 2011. – 736-б.

12 **Qani, M. I.** Ineffectiveness of Alien Terms Interference in a Culture of Multilingual Counties [Text] // [arXiv:2501.18605v1](https://arxiv.org/abs/2501.18605v1) (2025, January 19). – <https://doi.org/10.48550/arXiv.2501.18605>

13 Қазақ дәстүрлі мәдениетінің энциклопедиялық сөздігі [Мәтін]. – Алматы : «Сөздік-Словарь», 1997. – 368-б.

14 Sozdikqor.kz – [Electronic Kazakh Language Dictionary]. – [Electronic resource]. – URL: <https://sozdikqor.kz/>

15 Қазақтың ұлттық тағамдары / Құраст. Х.Тілемісов [Мәтін]. – Алматы : Қайнар, 1995. – 176-б.

16 **Джанибеков, У. Д.** Эхо... По следам легенды о золотой домбре Монография [Текст]. – Алма-Ата : Онер, 1990. – 304 с.

17 **Мұқанов, С.** Қазақ қауымы : Тарихтық және этнографиялық шолу [Мәтін]. – Алматы : Ана тілі, 1995. – 304-б.

References

1 **Seiilhan, A. Q.** Qazaq tilindegi etnografizmderdin lingvomädeniettanymdyq mäni («Qyz Zhibek» және «Qozy Körpesh-Bajan sülu» zhyrlary boiynsha) : f.ğ.k. ğylymi дәrezhesin alu úshin daiyndalğan dissertatsiyanıñ avtoreferaty [The Linguocultural Significance of Ethnographisms in the Kazakh Language (Based on the Poems «Qyz Zhibek» and «Qozy Korpesh – Bayan Sulu»)] [Text]. – Almaty, 2001. – p. 26.

2 **Mankeeva, J. A.** Qazaq tilindegi etnomädenı ataulardyñ tanymdyq negizderi [Cognitive Foundations of Ethnocultural Terms in the Kazakh Language] [Text]. – Almaty : Zhibek zholy, 2008. – 356 p.

3 **Qadarov, Ä.** Etnolingvistika [Ethnolinguistics] // Qazaq tili. Ensıklopedia [Kazakh Language. Encyclopedia] [Text]. – Almaty : IDK-TIRO redaktsialyq baspa ortalygy, 1998. – 476 p.

4 **Jakypbekova, M. et al.** Cognitive Characteristics of Ethnographisms Related to Material Culture (Based on Ethnographic Poems of Ilyas

Zhansugurov) // Eurasian Journal of Applied Linguistics . – No. 11(2). – 2025. – 109–121 p. [Electronic resource]. – <https://www.scopus.com/pages/publications/105009228636>

5 **Uäliuly, N.** Frazologia zhäne tildik norma [Phraseology and Language Norms] [Text]. – Almaty : Respýblikalyq baspa kabineti, 1998. – 128 p.

6 **Seidimbek, A.** Qazaqtyñ auyzsha tarihy : Zertteu [The Oral History of the Kazakhs : A Study] [Text]. – Astana : Foliant, 2008. – 728 p.

7 Qazaqtyñ etnografialyq kategorialar, üğymdar men ataularynyñ дәstürli zhüiesi. Ensiklopedia. 2-tom. E-I [The Traditional System of Kazakh Ethnographic Categories, Concepts, and Terms. Encyclopedia. Vol. 2. E–I] [Text]. – Almaty : RPK «Slon», 2012. – 736 p.

8 **Toqtabai, A.** Qazaq zhylyqsynyñ tarihy [The History of the Kazakh Horse] [Text]. – Almaty : Almatykitap, 2010. – 496 p.

9 **Qaidarov, Ä.T. zh. b.** Syrğa toly túr men tús [The Symbolic Meaning of Forms and Colors] [Text]. – Almaty : Qazaqstan, 1986. – 95 p.

10 **Zhansúgirov, I.** Köptomdyq shyğarmalar zhiynağy. Óleñder. T. 1 / Qūrastyrğan Kiyakhmetova, Sh. [Collected Works. Poems. Vol. 1 / Compiled by Sh. Kiyakhmetova] [Text]. – Almaty : «Bayanzhúrek» baspasy, 2019. – 528 p.

11 Qazaqtyñ etnografialyq kategorialar, üğymdar men ataularynyñ дәstürli zhüiesi. Ensiklopedia. 1-tom. A-D [The Traditional System of Kazakh Ethnographic Categories, Concepts, and Terms. Encyclopedia. Vol. 1. A–D]. – Almaty : DPS, 2011. – 736 p.

12 **Qani, M. I.** Ineffectiveness of Alien Terms Interference in a Culture of Multilingual Counties // arXiv. (2025, January 19). – <https://doi.org/10.48550/arXiv.2501.18605>

13 Qazaq дәstürli мәdenietiniñ ensiklopedialyq sózdigi [Encyclopedic Dictionary of Kazakh Traditional Culture] . – Almaty : «Sózdik-Slovar», 1997. – 368 p.

14 Sozdikqor.kz – [Electronic Kazakh Language Dictionary]. [Electronic resource]. – URL: <https://sozdikqor.kz/>

15 Qazaqtyñ ülttyq taғamdary / Qūrast. N.Tilemisov [Kazakh National Dishes/Compiled by H. Tilemisov] [Text]. – Almaty : Qainar, 1995. – 176 p.

16 **Zhanibekov, U. D.** Eho... Po sledam legendy o zolotoi dombre. Monografia [Echo... In the Footsteps of the Legend of the Golden Dombra. A Monograph] [Text]. – Alma-Ata : Óner, 1990. – 304 p.

17 **Mūqanov, S.** Qazaq qauymy : Tarihtyq zhäne etnografialyq sholu [The Kazakh Community : A Historical and Ethnographic Overview]. – Almaty : Ana tili, 1995. – 304 p.

11.12.24 ж. баспаға түсті.

10.01.25 ж. түзетулерімен түсті.

25.08.25 ж. басып шығаруға қабылданды.

М. Т. Джакыпбекова¹, *Ш. А. Кыяхметова²

^{1,2}Жетысуский университет имени И. Жансугурова,

Республика Казахстан, г. Талдыкорган.

Поступило в редакцию 11.12.24.

Поступило с исправлениями 10.01.25.

Принято в печать 25.08.25.

ЭТНОКУЛЬТУРНАЯ ХАРАКТЕРИСТИКА БЫТОВЫХ ЭТНОГРАФИЗМОВ В СТИХОТВОРЕНИЯХ И. ЖАНСУГУРОВА

В статье рассматриваются особенности употребления этнографизмов в поэзии Ильяса Жансугурова, проводится анализ их функций в художественном тексте и этнокультурного содержания. Анализ поэтических произведений поэта позволил выявить лексические единицы, отражающие повседневную жизнь, материальную культуру и этнические традиции казахского народа. В стихах автора определены лексемы, описывающие традиционный казахский быт и обладающие этнокультурной значимостью. Собранный языковой материал был классифицирован по тематическим группам: названия, связанные с животноводством, конской упряжью, продуктами питания и орудиями труда. Такая классификация позволила всесторонне рассмотреть их лингвокультурное значение. Семантическое наполнение этих единиц было уточнено на основе лексикографических и этнолингвистических источников. Употребление этнографизмов в художественном тексте рассмотрено через призму художественно-стилистического анализа, в ходе которого выявлены их функции в передаче национального миропонимания, создании художественного образа и выражении этнического колорита. В результате исследования было установлено, что этнокультурная лексика в поэзии И. Жансугурова выполняет не только номинативную функцию, но и выступает носителем этнокультурной информации и экспрессивным средством, оказывающим влияние на содержательно-стилистическую структуру художественного текста. Полученные результаты представляют собой важный шаг на пути к осмыслению единства языка и культуры в национальной поэзии и открывают

возможности для дальнейшего изучения этнолингвистических ценностей.

Ключевые слова: этнографизм, этнокультурная лексика, национальное миропонимание, казахский быт, материальная культура, этнолингвистика.

*M. Jakypbekova¹, *Sh. Kiyakhmetova²*

^{1,2}Zhetysu University named after I. Zhansugurov,

Republic of Kazakhstan, Taldykorgan.

Received 11.12.24.

Received in revised form 10.01.25.

Accepted for publication 25.08.25.

ETHNOCULTURAL CHARACTERIZATION OF DOMESTIC ETHNOGRAPHISMS IN THE VERSES OF I. ZHANSUGUROV

The article examines the peculiarities of the use of ethnographisms in the poetry of Ilyas Zhansugurov, analyzing their function within literary texts and their ethnocultural content. The analysis of the poet's works enabled the identification of lexical units that reflect the everyday life, material culture, and ethnic traditions of the Kazakh people. Lexical items characterizing traditional Kazakh life and bearing ethnocultural significance were identified in the poet's verses. The collected material was classified into thematic groups: terms related to animal husbandry, horse harnesses, food products, and tools of labor. This classification allowed for a comprehensive exploration of their linguocultural meaning. The semantic content of these units was clarified based on lexicographic and ethnolinguistic sources. The use of ethnographisms in the literary text was considered through stylistic and artistic analysis, which revealed their role in conveying national worldview, constructing artistic imagery, and expressing ethnic coloring. The study demonstrated that ethnocultural vocabulary in Zhansugurov's poetry serves not only a nominative function but also acts as a carrier of ethnocultural information and an expressive means that influences the semantic and stylistic structure of the literary text. The results of the research represent a significant step toward understanding the unity of language and culture in national poetry and open up new perspectives for the study of ethnolinguistic values.

Keywords: ethnographism, ethnocultural vocabulary, national worldview, Kazakh traditional lifestyle, material culture, ethnolinguistics.

Теруге 25.08.2025 ж. жіберілді. Басуға 30.09.2025 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

5,18 МБ RAM

Шартты баспа табағы 31,59. Таралымы 300 дана.

Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова

Корректорлар: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Тапсырыс № 4438

Сдано в набор 25.08.2025 г. Подписано в печать 30.09.2025 г.

Электронное издание

5,18 МБ RAM

Усл. печ. л. 31,59. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова

Корректоры: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Заказ № 4438

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz